

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»  
РМҚК**

**Қазақстан Республикасында  
балаларға қосымша білім беру жүйесінде  
білім беру үдерісін реттейтін заңнамалық  
және нормативтік құқықтық актілер**

**Астана, 2018 г.**

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім беру үдерісін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2018. – б.

Осы жинақта Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім беру үдерісін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер берілген.

*ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған  
(2018 жылғы 24 қазандағы №4 хаттама)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2018*

Қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарымен, Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен және т.б. заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен реттелген.

Бала құқықтары туралы [Конвенция](#)

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#)

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Президентінің [01.03.2016 ж. № 205 Жарлығы](#)

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» [04.12.2008 ж. № 95-IV ҚР кодексі](#)

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» [ҚР 08.08.2002 ж. N 345 Заңы](#)

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» [ҚР 09.07.2004 ж. N 591 Заңы](#)

«Білім туралы» [ҚР 27.07.2007 ж. № 319-III Заңы](#)

«Мемлекеттік мүлік туралы» [ҚР 01.03.2011 г. № 413-IV Заңы](#)

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» [ҚР Үкіметінің 30.01.2008 ж. № 77 Қаулысы](#)

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» [ҚР Үкіметінің 17.05.2013 г. № 499 Қаулысы](#)

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың

қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 31.12.2015 ж. № 1193 Қаулысы

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы»  
ҚР Үкіметінің 25.04.2016 ж. № 243 Қаулысы

«Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 09.08.2011 ж. № 919 Қаулысы

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 13.07.2009 ж. № 338 бұйрығы

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 27.01.2016 г. № 83 бұйрығы

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 16.08.2017 ж. № 611 бұйрығы

«Қазақстан Республикасында балалармен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері ҚР БжҒМ 10.02.2015 ж. № 60 бұйрығы

Қазақстан Республикасында балалармен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ҚР БжҒМ 10.02.2015 ж. №61 ҚРҰЭМ 16.02.2015 ж. № 100, ҚР ҚМ 11.02.2015 ж. №85 бірлескен бұйрығы

«Балаларға қосымша білім беру және «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындау конкурсын өткізу саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 07.04.2015 г. № 170 бұйрығы

«Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» ҚР БжҒМ

02.07.2015 жылғы № 431 және ҚР ИЖДМ 26.06.2015 жылғы № 719 бірлескен бұйрығы

«Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ м.а. 31.12.2015 жылғы № 719 және ҚР ҰЭМ м.а. 31.12.2015 жылғы № 843 бірлескен бұйрығы

«Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БЖҒМ 20.01.2016 г. № 48 бұйрығы

«Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 29.01.2016 ж. № 123 бұйрығы

«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 14.06.2013 ж. № 228 бұйрығы

«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 28.01.2016 ж. № 95 бұйрығы

«Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 28.01.2016 ж. № 92 бұйрығы

**Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесін реттеуші кейбір заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерден үзінділер**

Бала құқықтары туралы **29 - бап, 1 тармақ** Қатысушы мемлекеттер Конвенция 1989 жылғы 20 білім беру баланың: а) жеке тұлға ретінде қарашада Біріккен Ұлттар дамуына, баланың бойындағы дарынын Ұйымының Бас және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін Ассамблеясының 44/25 барынша толық дамытуға келіседі **қарарымен** қабылдады

«ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған **4.т.** Мектеп оқушыларының бойында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік

Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 01.03.2016 ж.№ 205 Жарлығы

құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру

**1.та.** Қосымша білім берумен қамтылған оқушылардың үлесі: 2015 – 61%, 2017 – 68%, 2019 - 70%

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР 08.08.2002 ж. N 345 Заңы

### **19 -бап**

**1.** Әрбір бала өзінің жасына, денсаулығына және қажеттеріне қарай демалуға және бос уақытын пайдалануға құқылы

**3.** Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытын пайдаланатын өзге де ұйымдарын, лагерьлер мен санаторийлерді құрады және оларды қолдап отырады.

### **34 - бап. Ұлттық және әлемдік мәдениетке баулу**

**1.** Мемлекет балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайды.

**2.** Мемлекет балалардың шығармашылық және ғылыми қабілетін дамыту үшін ұйымдар құруды, кино және бейнефильмдер, теледидар және радио хабарларын шығаруды, балаларға арналған газеттер, журналдар, кітаптар басып шығаруды көтермелейді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР 09.07.2004 ж. N 591 Заңы

## **12-бап. Білім беру органдарының құзыреті:**

2) кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

3) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

6) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шаралары жүргізуге қатысады;

7) жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады

## **«Білім туралы» ҚР 27.07.2007 ж. № 319-III Заңы**

(11.07.2017 ж. құрастырылған қосышалармен және өзгерістермен)

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

21) жалпы білім беретін мектеп – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

7-4) білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

17) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау - білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім;

21-4) ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар;

38-3) қосымша білім беретін мектептен тыс ұйым – білім алушылар



мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу-тәрбие ұйымы;

39) қосымша білім беру – білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі;

#### **4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті**

11) мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын, сондай-ақ педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін айқындайды.

#### **5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

1-1) білім беру саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

5) білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

7-1) балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

8-6) "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" және "Үздік педагог" атақтарын беру қағидаларын бекітеді;

11-1) тиісті үлгілердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28) **республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар** өткізуді ұйымдастырады;

34) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

38) педагог кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

44-5) білім беру ұйымы түрлерінің номенклатурасын және олардың қызметінің, оның ішінде шағын жинақталған мектептердегі қызметтің үлгілік қағидаларын бекітеді;

#### **6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті**

##### **2. Облыстың** жергілікті атқарушы органы:

13) облыс ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

14) балаларға **облыстық деңгейде** жүзеге асырылатын **қосымша білім беруді** қамтамасыз етеді;

17) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

##### **3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың** жергілікті атқарушы органы:



5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

10) **балаларға арналған қосымша білім беруді** қамтамасыз етеді;

15) республикалық маңызы бар қала, астана ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын, ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

17) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

4. **Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)** жергілікті атқарушы органы:

5) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

9) **балаларға қосымша білім беруді** қамтамасыз етеді;

21-5) білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін білім алудың арнайы жағдайларын жасайды;

### **11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері**

Білім беру жүйесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

#### **14-бап. Білім беру бағдарламалары**

**Білім беру бағдарламалары** мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты:

1) жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық);

2) кәсіптік (үлгілік, жұмыстық);

3) **қосымша болып бөлінеді.**

**4. Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары** білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

#### **23-бап. Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары**

1. Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

2. Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары мазмұнына және бағытына қатысты:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру;

2) қазіргі заман талаптарына сай келетін кәсіптік біліктілікті

дамытуға бағытталған, мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары болып бөлінеді.

3. Балалардың музыкалық мектептерінің, балалардың көркемсурет мектептерінің және балалардың өнер мектептерінің білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру бағдарламаларын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары іске асыратын балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын оларға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын атқаратын органдар бекітеді.

### **27-бап. Білім алу нысандары**

Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу, экстернат және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады.

### **37-бап. Қосымша білім беру**

1. Балаларға қосымша білім беру олардың түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымдарында және мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылады.

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін білім алушыларға бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары көрсетеді және шарттық негізде ұсынады.

3. Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда, біліктілікті арттыру институттарында, өндірісте және "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту кезінде жүзеге асырылады.

4. Білім беру ұйымдары басшы кадрларының, педагог және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

### **37-1-бап. Жеке педагогтік қызмет**

1. Табыс алумен байланысты жеке педагогтік қызмет кәсіпкерлік қызмет болып табылады. Жеке педагогтік қызметпен айналысатын тұлғаны мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жеке педагогтік қызмет лицензияланбайды.

### **40-бап. Білім беру ұйымдары**

2. Білім беру ұйымдарында білім беру қызметімен айналысу құқығы:  
2) лицензиялауды талап етпейтін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін – заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеген сәттен бастап туындайды;

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымының мәртебесін (үлгісін, түрін) оның құрылтайшылары айқындайды және осы Заңның талаптары, білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері ескеріле отырып, оның

жарғыларында көрсетіледі.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларына қарай білім беру ұйымдарының мынадай **үлгілері** болуы мүмкін:

10) балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары;

#### **41-бап. Білім беру ұйымының жарғысы**

1. Білім беру ұйымының жарғысы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген талаптардан басқа, мыналарды:

1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін;

2) білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін;

3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілін (тілдерін), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимін);

4) білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандарын және тәртібін;

4-1) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздерін және тәртібін;

5) ақылы қызмет көрсетудің тізбесін және тәртібін;

6) білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібін қамтуға тиіс.

2. Білім беру ұйымының жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

3. Білім беру ұйымының жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

#### **43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті**

1. Білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер мен білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шектерде оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

2. Білім беру ұйымдары өз қызметін жария түрде жүзеге асырады, жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етеді.

3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2-1) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2-2) ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жыл сайын ағымдағы оқу жылының соңына дейін:

алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдары мен қосымша әдебиеттердің, оның

ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі туралы;

алдағы оқу жылында пайдаланылатын оқу материалдарының тізбесі туралы хабардар ету;

3) егер осы Заңда және қабылдаудың Үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;

4) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясын және қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу;

5) ұлттық бірыңғай тестілеу мен жұмысшы кадрлардың және орта буын мамандарының мамандықтары бойынша біліктілікті беруді қоспағанда, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестатталуын жүргізу;

6) өз қаржы қаражаттары шектерінде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

8) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;

10) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

11) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;

11-1) интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

11-2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;

11-3) балалардың денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпаратқа қол жеткізуін шектеуге арналған, байланыс операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің Интернетке қол жеткізуін қамтамасыз ету;

12) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамсыздандыру түрлерінің



уақтылы берілуін қамтамасыз ету;

13) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді асырау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

14) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету;

### **47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі**

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

7) білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

### **49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері**

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

### **50-бап. Педагог қызметкердің мәртебесі**

1. Білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын адамдар педагог қызметкерлерге жатады.

Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог жұмыскерлері (әскери, арнаулы оқу орындарының әскери немесе арнаулы атағы, сыныптық шені бар қызметкерлерін және әскери қызметшілерін қоспағанда) **азаматтық қызметшілер** болып табылады.

### **51-бап. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі**

1. Тиісті бейіні бойынша **арнайы педагогтік** немесе **кәсіптік білімі** бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.

2. Білім беру ұйымдарындағы жұмысқа:

6) **бес жылда бір реттен сиретпей**, ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға;

7) **санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға**;

3. Педагог жұмыскер:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

Міндеттерін бұзғаны және педагог жұмыскер атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог жұмыскер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог жұмыскерлерді **өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.**

5. Педагог жұмыскерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануына тыйым салынады.

### **52-бап. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі**

3. Білім беретін мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың педагог қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысы, қосымша ақылар мен үстеме ақылар, сондай-ақ ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

4. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ауылдық жерде жұмыс істегені үшін, сынып жетекшілігі үшін, дәптерді, жазу жұмыстарын тексергені үшін, оқу кабинеттеріне меңгерушілік еткені, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін, эксперимент режимінде жұмыс істегені үшін, **мүмкіндігі шектеулі балалармен** жұмыс істегені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша **ақы және басқа да төлемдер төлеу** жүргізіледі.

7. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін тікелей жүзеге асыратын педагог қызметкерлерге **айлық жалақыны есептеу** үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі **18 сағат**.

### **53-бап. Әлеуметтік кепілдіктер.**

1. Педагог қызметкерлер мынадай:

2) мектепке дейінгі және **қосымша** білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдар үшін - **күнтізбелік 42 күн ақы төленетін жыл сайынғы демалыс** алудың әлеуметтік кепілдіктерін иеленеді.

2. **Ауылдық жерде** жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлері **жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша:**

1) қала жағдайында педагогтік қызметпен айналысатын педагог қызметкерлердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен **тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес процентке арттырылып белгіленеді;**

2) коммуналдық қызмет көрсетулерге **шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға жергілікті**



**өкілді органдардың шешімі бойынша белгіленетін мөлшерде бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы төленеді;**

2-1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласының педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.

2-2. Ауылдық жерде жұмыс істейтін, жеке меншігінде малы бар білім беру саласының педагог қызметкерлеріне жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша жемшөп, мал жаю және шөп шабу үшін жер учаскелері беріледі.

3. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне жыл сайын тиісті бюджет қаражаты есебінен:

1) оларға кезекті еңбек демалысын беру кезінде мемлекеттік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен айқындалған мөлшерде күнтізбелік жылда бір рет сауықтыруға жәрдемақы;

3) "Үздік педагог" атағын иеленушіге айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде сыйақы төленеді.

### **59-бап. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау**

**1.** Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау мемлекеттің білім алуға құқықты қамтамасыз етуіне және жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлердің өздері жүзеге асыратын білім беру қызметінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сақтауға бағытталған және оны білім саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

#### **2. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау объектілері:**

1) жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;

2) білім алушылардың тиісті жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі болып табылады.

#### **3. Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері:**

1) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау;

3) Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын бақылау болып табылады.

4. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беруді мемлекеттік басқару органдары өздерінің құзыретіне сәйкес жоспарлы түрде бес жылда бір рет өткізеді.

Бірінші мемлекеттік аттестаттау жаңадан құрылған қосымша білім беру ұйымдарында үш жылдан кейін өткізіледі.

3) мектепке дейінгі ұйымдарда және қосымша білім беру ұйымдарында үш жылдан кейін өткізіледі.

8. Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының білім

туралы және рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақтауын бақылау тексерулер нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

8-3. Қызметін хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының **қызметі тоқтатыла тұрған кезде білім беру ұйымдары:**

1) **мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсқа қатысуға;**

2) **бұзушылықтарды жойғанға** және білім беру саласындағы уәкілетті орган қызметті қайта бастағанға дейін қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

### **61-бап. Қаржыландыру жүйесі, принциптері мен көздері**

1. Білім беруді қаржыландыру жүйесі - **республикалық және жергілікті бюджеттердің, басқа да кіріс көздерінің жиынтығы.**

2. Білім беруді қаржыландыру жүйесі:

1) тиімділік пен нәтижелілік; 2) басымдық; 3) айқындылық; 4) жауаптылық; 5) бюджеттердің барлық деңгейлерінің ара жігін ажырату мен дербестік принциптеріне негізделеді.

3. Білім беру жүйесі қаржыландыру көздері:

1) мемлекеттік білім беру мекемелерін ұстауды бюджеттік қаржыландыру;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсетуден түскен кірістер;

4) қаржылық ұйымдардың кредиттері;

5) қайырымдылық көмек, өтемсіз аударымдар мен қайырмалдықтар, гранттар, құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдары болып табылады.

### **63-бап. Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы**

3. Мемлекеттік білім беру мекемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, **ақылы негізде** мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және

өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беруге құқылы.

4. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы негізде ұсынатын **тауарларға** (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) **бағалар** Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген **тәртіппен бекітілуге жатады.**

6. Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

**64-бап. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту**

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жасау және дамыту бюджет қаражаттары, ақылы негізде көрсетілетін қызметтерден түскен кірістер, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Білім беру ұйымдарын жекешелендіру "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.

4. Государственные учреждения среднего образования, получившие на конкурсной основе грант «Лучшая организация среднего образования», расходуют грант на материально-техническое и научно-методическое обеспечение образовательного процесса.

**65-бап. Халықаралық ынтымақтастық және сыртқы экономикалық қызмет**

2. Білім беру ұйымының өз жұмысының ерекшеліктеріне **сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақтан және көп жақты**

**шарттар жасасуға,** студенттер, магистранттар, докторанттар, педагог және ғылыми қызметкерлер алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) **кіруге құқығы бар.**

**Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 19) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:
  - 1) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 2) Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 3) Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 4) Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 5) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 6) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 7) Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 8) Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 9) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 10) Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
  - 11) Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 17 мамырдағы  
№ 499 қаулысымен  
бекітілген

## **Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары**

Ескерту. Үлгілік қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) сәйкес әзірленді, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларға арналған қосымша білім алу құқықтарын тегін және шарттық негізде қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары (бұдан әрі – балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы) өз қызметінде білім беру саласындағы заңнаманы, осы Қағидаларды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысын, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін білім алушылардың білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады.

4. Мемлекет балалар үшін балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін олардың қосымша білім алуы үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді.

5. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының негізгі міндеттері:



1) жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның зияткерлік, шығармашылық, дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтылық пен отансүйгіштікке, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халықтың дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;

5) бос уақытты мазмұнды етіп ұйымдастыру.

6. Балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламалары орта білім беру ұйымдарында іске асырылады.

## **2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі**

7. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар (құрылтайшылар) құрады.

8. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметтерде дербес болады.

9. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балалардың сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) ұйымдардың қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

10. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметін педагогтер, әдіскерлер, педагог-ұйымдастырушылар және оларға теңестірілген адамдар (бұдан әрі – педагог қызметкерлер), тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады.

11. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының басшы кадрларының және педагог қызметкерлерінің, сондай-ақ тиісті бейіндегі мамандарының біліктілігін арттыру бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

12. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын басқару "Білім туралы" Заңның 44-бабына, "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, осы Қағидаларға, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

13. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын алқалы басқару нысандары педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес,

әдістемелік кеңес және басқа да нысандар болып табылады. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

14. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлерін аттестаттау "Білім туралы" Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды өз құзыреттеріне сәйкес мемлекеттік білім беруді басқару органдары жоспарлы түрде бес жылда бір рет өткізеді.

Жаңадан құрылған балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында бірінші мемлекеттік аттестаттау үш жылдан кейін өткізіледі.

16. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын құру және дамыту құрылтайшының қаражаты, сондай-ақ ақылы негізде көрсетілетін қызметтерден түскен кірістер, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

17. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін және өзге де қызметтерді ұсынады, осы қызметтен алынған кірістерге дербес иелік етеді.

18. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мүлікке иелік етеді және оны пайдаланады. Балаларға арналған мемлекеттік қосымша білім беру ұйымының мүлкі ұйымның негізгі міндеттеріне қайшы келетін мақсаттарда пайдаланылмауға тиіс.

19. Қосымша білімнің білім беру бағдарламасын іске асыру кезіндегі оқу-тәрбие процесі балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының қызығушылықтар бойынша бірлестіктерінде (клуб, студия, ансамбль, топ, үйірме, театр және басқа) (бұдан әрі – бірлестіктер) жүзеге асырылады.

20. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында балалардың қызметі қызығушылықтары бойынша бірыңғай жастағы және түрлі жастағы бірлестіктерде жүзеге асырылады. Қызығушылықтары бойынша бірлестіктерді қалыптастыру балалардың ерікті таңдауына негізделеді.

21. Әр бала бірнеше бірлестіктерде шұғылдануды таңдауға, оларды ауыстыруға құқылы.

22. Қызығушылықтар бойынша бірлестік қызметінің мазмұнын оқу жоспарлары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын ескере отырып қосымша білім беру педагогі айқындайды.

23. Сабақтар бір тақырыптық бағыттағы қосымша білімнің білім беру бағдарламалары немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар бойынша өткізіледі, барлық оқу жылына да, сол сияқты одан қысқа мерзімге де ұйымдастырылады.

24. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы шарт бойынша және (немесе) ұйымдармен, кәсіпорындармен бірлесіп, балалардың



бейіндік дайындығын жүргізеді. Біліктілік емтихандарын тапсырған білім алушыларға бағалар қойылады және (немесе) бейіні бойынша (көркемдік, музыкалық және өнер мектептері) біліктілік беру туралы куәлік беріледі.

25. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесі тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

26. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында әдістемелік жұмыс, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және ендіру, педагог қызметкерлердің, сондай-ақ тиісті бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

27. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтер құрылады.

28. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында жарғыларға және осы Қағидаларға сәйкес қызмет ететін балалардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары құрылады.

29. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балалармен жұмысты барлық күнтізбелік жыл бойына ұйымдастырады. Демалыс уақытында қажеттілігіне қарай белгіленген тәртіппен клубтар, лагерьлер және туристік базалар ашылады, өз базасында немесе балалардың тұрғылықты орны бойынша лагерьлерде (қала сыртында немесе күндізгі болу) балалардың тұрақты және (немесе) ауыспалы құрамымен түрлі топтар құрылады, шеберлік сағаттары өткізіледі.

30. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары орта білім беру ұйымдарымен бірлесіп, сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта жалпы білім беру пәндері мен қосымша білім беру бойынша сабақтар мен біріктірілген сабақтар өткізеді.

31. Көпшілік іс-шаралар өткізу кезінде бірлестіктер жұмысына балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қатыса алады.

32. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балаларды қабылдау кезінде ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді оқу-тәрбие процесінің жүргізілуімен және мазмұнымен, жарғымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

33. Қызметкер мен балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

34. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымына жұмысқа:

1) медициналық қарсы көрсетілімі бар;

2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар;

3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жіберілмейді.

35. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалған.

35. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша шетелдік және

халықаралық білім беру ұйымдарымен, қорлармен байланыстар орнатады, халықаралық бағдарламаларға қатысады, білім беру, мәдениет, спорт және туризм саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ынтымақтастық туралы шарттар жасасады.

### **Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 шілдеде № 8565 тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын;

3) осы бұйрықты білім беру ұйымдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.А. Әбеневке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жұмағұлов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің  
2013 жылғы 14 маусымдағы  
№ 228 бұйрығымен  
бекітілген

**Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.05.2018 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына (бұдан әрі – "Білім туралы" Заңы), "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес әзірленген және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының барлық түрлерінің меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы – білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім беру және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, оларды іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке адам даралығын дамыту үшін жағдайлардың жасалу жолдары арқылы ой-өрісін байыту;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге немқұрайды қарамауға тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау қызметіне тарту;

7) қоғам өміріне бейімдеу;

8) олардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру болып табылады.

4. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлеріне:

1) мектепке дейінгі дамыту кешені (орталықтар, академиялар);

2) оқушылар сарайы (үйілері, орталықтары, кешендері, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары);

3) жас натуралистер станциясы (балалар экологиялық орталықтары, биологиялық орталықтар, экобиоорталықтар);

4) жас техниктер станциясы (орталықтар, балалар және жасөспірімдер техникалық шығармашылық мектептері);

5) жас туристер станциясы (балалар-жасөспірімдер туризм орталықтары);

6) балалар аула клубы, балалар әскери патриоттық клубы (клубтық демалыс ұйымдары);

7) балалар өнер мектебі (балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептері, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер);

8) балалар сауықтыру лагері (орталықтары, кешендері, қала сыртындағы сауықтыру лагерьлері және күндізгі уақытта ұйымдастырылатын лагерьлер, палаталық, киіз үй лагерьлері);

9) балалар-жасөспірімдер спорттық мектебі;

10) олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;

11) балалар қызығушылығы мен жұмыстары бағыты бойынша ұйымдар;

12) балаларға арналған қосымша білім беретін оқу-әдістемелік және ғылыми-практикалық орталықтар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.05.2018 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.05.2018 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

7. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі білім алушылардың өзін-өзі анықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру,

бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

8. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс тәртібі ішкі тәртіп ережелерімен орнатылады.

9. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру және тәрбиелеу процесіне қатысушылар балалар, педагог қызметкерлер және білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.05.2018 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Білім алушылардың, ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері қосымша білім беру ұйымының Жарғысымен және білім беру саласындағы заңнамалық актілермен белгіленеді.

11. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары балаларды қабылдау кезінде оларды және ата-аналарды немесе заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру үрдісінің тәртібін белгілейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

12. Спорттық, спорттық-техникалық, туристік, би бірлестіктеріне қабылдау кезінде баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды қажет.

Мүгедек балалармен тұрғылықты жері бойынша жеке жұмыс жүргізіледі.

13. Балалар музыка мектептеріндегі, балалар көркемөнер мектептеріндегі және балалар өнер мектептеріндегі білім беру процесі "Білім туралы" Заңның 5-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Сабақ кестесін балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының әкімшілігі білім алушыларға қолайлы жағдай жасауды, олардың жас ерекшеліктерін, ата-аналарының қалауын ескеріп, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жасайды және бекітеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Жастары қатар және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар қосымша білім беру ұйымдарында қызығушылықтары бойынша үйірмеге, клубқа, студияға, ансамбльге,



топқа, театрға және басқа бірлестіктерге (бұдан әрі – бірлестіктер) біріктіріледі.

Топтарға жинақтау балалардың ерікті түрдегі таңдауына негізделеді.

16. Тұрақты және ауыспалы құрамымен білім алушылардың қызығушылықтары бойынша бірлестіктер құрылады.

17. Қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бірлестіктерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі нысаны бір тақырыптық бағыттағы немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар бойынша сабақтар болып табылады. Сабақтар қосымша білімнің білім беру бағдарламаларының талаптарына қарай оқу жылы бойына немесе қысқа мерзімге ұйымдастырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Сабақтар қосымша білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес топпен, жеке немесе бірлестіктің толық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылында әрбір топтағы балалар саны 10-нан 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары 8-ден 12-ге дейін, сынақ және зерттеу топтарында 6-дан 8-ге дейін болуы тиіс.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту барысында топтың құрамы 6-10 адамды құрайды.

20. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту барысында топтың құрамы 3-6 адамды құрайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім алушылардың, оның ішінде инклюзивтік білім беруге жағдай жасау арқылы оқу-тәрбие жұмысын күнтізбелік барлық жыл бойы қамтамасыз етеді. Қыркүйектің 1-нен 14-не дейін бірлестіктерді іріктейді, сабақ 15 қыркүйектен басталады.

Жазғы кезеңде бірлестіктер арнайы кесте бойынша білім алушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен жұмыс істейді.

22. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жазғы кезеңде өз базасында бейіндік лагерьлер, туристік қалашықтар мен базалар (қала сыртындағы немесе күндізгі), сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде білім алушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен әртүрлі бірлестіктер құра алады. Бірлестік жұмысы концерттер, жорықтар мен саяхаттар, жарыстар, экспедициялар және басқа да түрде өткізіледі.

22-1. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен балаларға арналған сауықтыру лагеріне "Білім туралы" Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар санаты қабылданады.

Ескерту. 2-тарау 22-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.05.2018 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Бірінші жылы оқытылатын топтардың сабақтарына аптасына 4 академиялық сағат, екінші және келесі жылдары – 6 академиялық сағат, сынақ және зерттеу топтарына – 8 академиялық сағат қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін аптасына 2 академиялық сағаттан аспайтын 25-35 минут көлемінде сабақ жүргізіледі.

24. Практикалық сабақтар (жорықтар, экспедициялар, саяхаттар, жарыстар, концерттік сапарлар) өткізу үшін сағаттар көлемі тәулігіне 8 сағат есебінде белгіленеді.

25. Қызығушылықтары бойынша бірлестік жұмысына басшының келісімі болған жағдайда, балалармен бірге олардың ата-аналары (заңды өкілдері) негізгі құрамнан тыс қатыса алады.

26. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары балалардың тұрғылықты жері бойынша басқа ұйымдарда балалар бірлестігін құра алады.

Олардың арасындағы қатынастар шарт арқылы реттеледі.

27. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім алушылардың дарынын және кәсіптік бағдарлануын дамыту мақсатында ғылыми, зерттеу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жүргізеді, заңнамаға сәйкес эксперименттік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстар жүргізу үшін олардың базасында білім алушылардың ғылыми бірлестіктерін, зертханаларын құрады.

Эксперименттік және зерттеу топтары облыстық қосымша білім беру ұйымдарында да ашылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және білім беру үдерісін жандандыру мақсатында әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық қызметтер құрылады.

29. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жеке дара, шарт және (немесе) басқа ұйымдармен бірлесе отырып, балалармен алғашқы кәсіптік дайындықты жүргізеді.

30. Балалар музыка мектептерінде, балалар шығармашылық мектептерінде және өнер мектептерінде қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын игеру қорытынды мемлекеттік аттестаттаумен аяқталады.

Оқытудың толық курсы аяқтаған және мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырған білім алушылар белгіленген үлгідегі мектепті бітіргендігі туралы куәлік алады.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Қажетті оқу-материалдық базасы мен кадрлық әлеуеті бар балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары барлық үлгідегі білім



беру ұйымдарындағы білім алушылардың өндірістік практикасын жүзеге асырады.

32. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, оқытудың жаңаша технологияларын енгізуге және әзірлеуге, педагогикалық қызметкерлер біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылады.

33. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары әдістемелік кеңес, әдістемелік шығармашылық бірлестік құрады. Олардың қызметі Жарғыда белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

34. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары бұқаралық шараларды ұйымдастырады және өткізеді, балалардың, ата-аналардың бірлескен еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдай жасайды.

35. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында саяси партиялардың және діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және қызметіне жол берілмейді.

36. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтік қызметіне арнайы педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

37. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметкері мен әкімшілігінің өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

38. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың желісі бойынша "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте халықаралық қызметтерге қатыса алады.